ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 04 қараша №7119-24-00-2/13011 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Т. Шамшильдин
сот отырысының хатшысы Д.Баккараеваның
қатысуымен ашық сот отырысында талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "№54 "Нұр-Ай" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Backstop Trading House" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыппұл сомасын өндіру туралы

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі М.Б.Бакитова
үшінші тұлға өкілі Н.Тәшім

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 16 мамырда Астана қаласы әкімдігінің "№54 "Нұр-Ай" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – талап қоюшы/тапсырыс беруші) мен «Backstop Trading House» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – жауапкер/ ЖШС / орындаушы) арасында 78 400 теңге сомаға № 105 Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасасты.

Шарт бойынша жауапкер 15 күнтізбелік күн ішінде жылыту жүйесін шаю және қысыммен тексеру бойынша қызмет көрсетуге (бұдан әрі – қызмет) істеуге міндеттенді.

Шарттың техникалық ерекшелігіне сай гидравликалық сынақтар мен шаю жұмыстардың сапасын және көрсетілген параметрлердің сақталуын жүзеге асыратын энергомен жабдықтаушы ұйым өкілінің және Тұтынушы өкілінің қатысуымен жүргізіледі. Және шаю гидравликалық престің (компрессордың) көмегімен гидропневматикалық жолмен (көтергіштер арқылы бөлек) жүргізіледі.

2024 жылғы 10 қыркүйекте жауапкерге Шартты бұзу туралы хабарлама жіберілген.

Талап қоюшы сотқа жауапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 1568,4 теңге айыппұл сомасын өндіруді сұрады.

Талапкердің өкілі талап арыздың дәлелдерін қолдай отырып, талаптарды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған жауапкер сот отырысына келген жоқ, сот отырыстарын кейінге қалдыру туралы арызбен жүгінген жоқ.

Алайда алдыңғы сот отырысына қатысқан жауапкер өкілі жылу желілері нашар жағдайда болғандықтан, қысымды сынау (гидравликалық сынақтар) жұмыстарын жасауға мүмкіндік болмағандығын мәлімдеген.

Үшінші тұлға өкілі талап қоюшыға 2024 жылғы 02 тамызда 2024-2025 жылғы жылыту маусымына тұтынушының жылу тұтыну қондырғылары мен жылу желілерінің техникалық дарярлық актісі алынғанын мәлімдеді. Яғни қысымды сынау (гидравликалық сынақтар) жұмыстары жасалып, жылу кірмесін тексеру актісі жасалды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабының талаптары бойынша міндеттеме шарттың талаптарына және заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

Азаматтық кодекстің 273-бабына сәйкес, заңда немесе шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттемені бұзу деп оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (уақтылы, міндеттеменің мазмұнымен айқындалатын шарттарды бұза отырып) түсіндіріледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43-бабының 23-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелер тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша толық орындаған жағдайда орындалды деп танылады.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 11.11.2024
Дата вступления в законную силу: 11.12.2024, судья Шамшильдин Т., 20.12.2024
7119-24-3-1/12386

Заңның 12-бабы 24-тармағына сай, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сай, әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Шарттың 3.1. тармағына сәйкес сәйкес орындаушы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде шарт бойынша міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенді.

Жауапкерлер мемлекеттік сатып алуға өз еркімен қатысты, өз бағасын ұсынды және бұл жағдайда шартпен және қызметтің техникалық ерекшеліктерімен келісті. Шарт пен оның техникалық ерекшелігінде ешқандай қайшылық жоқ, қызмет 31 мамырға дейін көрсетілу керек еді. Одан әрі міндет мерзімін тараптар 21 тамызға дейін ұзартқан. Алайда көрсетілген мерзімдерде орындалмаған.

Шарт бойынша жауапкерге тиеселі міндетті басқа тұлға, яғни жеке кәсіпкер Е.К.Оспанов орындаған. Және оның арқасында «Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамынан тұтынушының жылу тұтыну қондырғылары мен жылу желілерінің техникалық дарярлық актісі, жылу кірмесін тексеру алынған.

Жауапкер шартта көрсетілген міндетін орындамаған. Яғни шарт талаптарын бұзған.

2024 жылдың 04 қарашасында Шарт бұзылды, яғни шарт бойынша тараптар міндеттемелері тоқтатылды және жалғастырылуға жатпайды.

Кодекстің 359-бабына сай, егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Мұндай жағдай жоқ.

Тапсырыс берушіге залал келтірілген, яғни ол шарттарды жасасу кезінде күткен нәтижеге жете алмады.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 11.11.2024
Дата вступления в законную силу: 11.12.2024, судья Шамшильдин Т., 20.12.2024
7119-24-3-1/12386

Заңның 12-бабы 4-тармағы 3)-тармақшасымен белгіленген, атап айтқанда өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізілімге енгізіледі.

Осыған орай, талап қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

Шарттың 7.4 тармағына сәйкес өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

АК-нің 293 бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Тұрақсыздық айыбын талап қоюшы келесі жолмен есептеген: 78 400 х 20 (кешіктірілген күн саны) х 0,1% = 1 568,4 теңге. Есеп дұрыс және дауланған жоқ.

Талап қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, келтірілген сот шығындары талап арызды қанағаттандырылған бөлігі мөлшерінде өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Астана қаласы әкімдігінің "№54 "Нұр-Ай" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының "Backstop Trading House" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Backstop Trading House» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Backstop Trading House " жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Астана қаласы әкімдігінің "№54 "Нұр-Ай" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 1568 (бір мың бес жүз алпыс сегіз) теңге айыппұл сомасы өндірілсін.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 11.11.2024
Дата вступления в законную силу: 11.12.2024, судья Шамшильдин Т., 20.12.2024
7119-24-3-1/12386

"Backstop Trading House " жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1893 (бір мың сегіз жүз тоқсан үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Шамшильдин Т.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 11.11.2024

Дата вступления в законную силу: 11.12.2024, судья Шамшильдин Т., 20.12.2024

7119-24-3-1/12386